

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеуді өткізу нұсқау, тесттеу программалары және тесттеу нәтижесінің шекаралық мәнін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 17 сәуірдегі N 02-2-4/67 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1470. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 02-01-02/60 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 30 қарашада N 986 тізбесіне тіркелген, Агенттік төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығымен бекітілген, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуларға конкурс өткізудің ережесіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырғандар бекітілсін:

1) Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеуді өткізу туралы нұсқау (1 Қосымша);

2) А-1, А-2, А-3, А-4, А-5 санаттарындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеу программасы (2 Қосымша);

3) А-6, А-7, В-6, В-7, С-5 (ҚР Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратының кеңесшісі, орталық органның бас маманы), С-6 (Қазақстан Республикасының консулы, Сыртқы істер министрлігінің бірінші хатшысы, Орталық сайлау комиссиясының референті), С-7, С-8 (орталық органның жетекші маманы, Сыртқы істер министрлігінің үшінші хатшысы), С-9 (ҚР Сыртқы істер министрлігінің атташесі), С-10 (Сыртқы істер министрлігінің референті, орталық органның маманы) санаттарындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеу программасы (3 Қ о с ы м ш а) ;

4) Д-1, Д-2, Е-1, Е-2 санаттарындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеу программасы (4 Қосымша);

5) С-5 (облыстық аумақтық органның бөлім бастығы, аудандық аумақтық органның жетекшісі), С-6 (аудандық аумақтық орган жетекшісінің орынбасары), С-8 (облыстық аумақтық органның аға приставы, облыстық аумақтық органның аға сот орындаушысы), С-9 (облыстық аумақтық органның бас маманы), С-10 (облыстық аумақтық органның жетекші маманы, облыстық аумақтық органның приставы, облыстық аумақтық органның сот орындаушысы, аудандық аумақтық

органның құрылымдық бөлімше жетекшісі), С-11 (аудандық аумақтық органның бас маманы), С-12 (облыстық аумақтық органның маманы, аудандық аумақтық органның жетекші маманы), С-13 (аудандық аумақтық органның маманы), D-3 (облыстық аппараттың құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі; көмекші, кеңесші, облыс әкімінің бас инспекторы; аудандық аппаратының жетекшісі), D-4 (поселке, ауыл (село) әкімінің орынбасары; облыстық аппаратының бас маманы; аудандық аппаратының бөлім бастығы; аудан әкімінің көмекшісі, кеңесшісі); D-5 (облыстық аппаратының жетекші маманы, аудандық аппаратының бас маманы), D-6 (облыстық аппаратының маманы; аудандық аппаратының жетекші маманы; поселкелік, ауылдық (селолық) аппаратының бас маманы; облыстық аппараты сот мәжілісінің хатшысы), D-7 (аудандық аппаратының маманы, аудандық аппараты сот мәжілісінің хатшысы), D-8 (поселкелік, ауылдық (селолық) аппаратының маманы), E-3 (облыстық органның бөлім бастығы, аудандық органның жетекшісі), E-4 (аудандық орган жетекшісінің орынбасары), E-5 (облыстық органның бас маманы), E-6 (облыстық органның жетекші маманы, аудандық органның құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі), E-7 (аудандық органның бас маманы), E-8 (облыстық органның маманы, аудандық органның жетекші маманы), E-9 (аудандық органның маманы) санаттарындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеу программасы (5 Қосымша);

б) алынып тасталынды - 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығымен

7) Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеу нәтижесінің шекаралық мәні (7 Қосымша);

8) В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, С-1, С-2, С-3 санаттарының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу программасын (8 Қосымша) .

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 19 қарашадағы N 02-2-4/167 бұйрығымен .

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығымен.

2. Агенттік төрағасының 2000 жылғы 13 қаңтардағы N 02-1-7/2 бұйрығы күші жойылсын .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік қызметті кадрмен қамтамасыз ету департаментінің директоры В.А.Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі
N 02 - 2 - 4 / 67 бұйрығына
1 Қосымша

**Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға
орналасуға үміткерлерді тесттеуді өткізу
жөніндегі нұсқау 1. Жалпы ереже**

1.1 Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді (бұдан әрі - үміткер) тесттеуден өткізудің мақсаты - үміткерлердің білімі мен қабілетін әділ бағалау.

1.2 Біліктілік талаптарымен белгіленген құжаттары сәйкесті үміткерлер, конкурстық комиссияның шешімінің негізінде тесттеуге жіберіледі. Ол жөнінде хабардар етіледі. Хабарлау кезінде тесттеудің өтілетін орны, күні және уақыты көрсетіледі.

1.3 Тесттеуді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің және аумақтық бөлімшелерінің тесттеу әкімгерлері (бұдан әрі - әкімгер) өткізеді.

1.4 Тесттеу барысында Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тесттер және логикалық тесттер қолданылады.

1.5 Тесттеуді өткізудің әділдігін тесттеудің жағдайы, уақыты, қорытындыны есептеуі, нұсқаудың, мазмұнының стандарттылығымен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ әкімгерлерді сыбайлас жемқорлықты жібермеу жөніндегі жазбаша шек қою арқылы қабылдау болып табылады.

1.6 Тесттеу 4-кезеңнен тұрады:

- 1) тесттеуге дайындық;
- 2) нұсқау;
- 3) үміткерлердің тесттеуден өтуі;
- 4) қорытындыны есептеу.

2. Тесттеуге дайындық

2.1 Тесттеуді өткізу кезінде мына төмендегілер үшін уақытты жеткілікті бөлу қажет:

- әкімгердің кіріспе сөзіне;
- үміткерлердің нұсқаумен танысуына;
- үміткерлердің сұрақтарына жауап беруге;
- тесттің орындалуы.

2.2 Тесттеуді өткізу үшін орын үміткерлердің орналасуына ыңғайлы жағдайға сәйкес болу керек: егерде бір мезгілде бірнеше үміткерлер тесттеуден өтетін болса, олар бір-бірінен жеткілікті қашықтықта отыруы қажет. Тесттеу уақытында үміткерлер сөйлесуге және тест өткізіліп отырған бөлмеден шығып кетуге болмайды.

2.3 Тесттеудің барлық материалдары алдын-ала дайындалған және тексерілген болуы қажет. Әрбір тестің қатаң сақталатын нұсқауы бар.

2.4 Тесттеуді өткізу тәртібі, іріктеу рәсімнің ұзақтығы және мазмұны жөнінде үміткерлер алдын-ала ескертілуі қажет.

3. Нұсқау

3.1 Әкімгердің кіріспе сөзі тесттеудің өткізілетін орны, рет-жосығы, тұтастай іріктеу рәсімі жөніндегі мәліметтерді береді. Тесттеудің жалпы уақыты және жекеше алғанда әрбір тесттің орындалу уақыты көрсетіледі. Үміткерлерге шамасына қарай әрі жылдам, әрі нақты орындалуы ескертілуі қажет. Нұсқаудың соңында үміткерлерге сұрақтар қоюына мүмкіндік беріледі.

3.2 Тесттеу компьютерде немесе қағазға түсіру арқылы өткізілуі мүмкін. Егерде техникалық жағдайға байланысты компьютерде тест өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда тесттеуді өткізу қағазға түсіру арқылы өткізілетіні жөнінде шешім шығарылады.

3.3 Компьютерде тест өткізілетін жағдайда тесттеудің басында әкімгер толық нұсқау өткізуі тиіс. Рәсімнің басталуына дейін компьютерді пайдалануға қатысты үміткердің барлық сұрақтарына жауап береді. Содан кейін әкімгер нұсқау өткізуге көшеді.

3.4 Әкімгер барлық үміткерлердің тапсырманы меңгергендігіне көзі жетуі тиіс, басқа жағдайда қосымша түсініктеме береді.

3.5 Әрбір үміткер компьютермен еркін жұмыс істеуге еркіндік беріледі.

3.6 Қағазға түсіру арқылы тесттеуден өткізу кезінде әкімгер нұсқаудағы мәліметтерді үміткерге түсіндіруге міндетті.

3.7 Нұсқау дауыстап оқылуы керек. Әкімгер барлық үміткердің тапсырманы меңгергендігіне көзі жетуі тиіс, басқаша жағдайда қосымша түсіндірме береді. Тесттеудің уақыты қатаң сақталуы керек. Тесттеумен жұмыс кезінде уақытты дәл есептеу үшін, секундамер пайдалану қажет.

3.8 Қағазға түсіру арқылы тесттеуден өткізу кезінде үміткерге ұшталған қалам пайдалануға болмайды.

3.9 Үміткерлер өзі жөніндегі мәліметтерді арналған формаға толтыруы қажет.

4. Үміткерлердің тесттеуден өтуі

4.1 Үміткер нұскаудан кейін тестті орындауға кіріседі. Логикалық тестті орындауға берілген жалпы уақыт - 25 минут, заңдарды білуге арналған тестті орындауға - 100 минут (130 сұрақ), 85 минут (110 сұрақ) немесе 55 минут (70 сұрақ)

Ескерту: 4.1-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 19 қарашадағы N 02-2-4/167 бұйрығымен .

Ескерту: 4.1-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығымен.

4.2 Тесттеудің программасында қарастырылған логикалық тесттен өтетін үміткерлер одан заңдарды білуге арналған тесттеуге дейін өтеді.

4.3 Тесттеуді орындауға берілген уақыт біткенде программа автоматты түрде жабылады.

4.4 Әкімгер тесттеу біткеннен кейін үміткерлердің тестке қатысқанына рақмет айтып және конкурстық іріктеуді өткізудің келесі кезеңін еске салады.

5. Тест қорытындысын есептеу

5.1 Қағазға түсіру арқылы тесттеудің қорытындысын тексеру тест сұрақтарына дұрыс жауаптардың санын есептеу әдісі көмегімен жүргізіледі және осы мәліметтер сәйкесті формаға түсіріледі.

5.2 Компьютерде тесттеудің дұрыс жауаптарын есептеу компьютерлік программаға енгізу көмегімен автоматты есептеледі. Қорытынды принтерде басып шығарылып үміткерге танысу үшін беріледі. Үміткерлер қорытындымен танысқаннан кейін қорытынды қағазына қол қояды.

5.3 Тесттеуді өткізгеннен кейін логикалық тест және заңдарды білуге арналған тесттеудің қорытынды қағазы агенттікте сақталады, тесттеудің қорытындысы жөніндегі мәлімет үміткерлерді тізімдеу олардың шекаралық мәнінің қорытындысының сәйкесті бағасы көрсетілген түрінде рәсімделеді.

5.4 Тесттеудің қорытындысының тізімі жабық сипаттағы түрде болады: оған қол жеткізушілік конкурстық комиссия мүшелеріне, агенттік өкілдеріне және тесттеуді өткізу процесін қамтамасыз етуге тартылған мамандарға ғана рұқсат етіледі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері			
жөніндегі		агенттігі	төрағасының
2001	жылғы	17	сәуірдегі
N	02 - 2 - 4 / 67	бұйрығына	
2 Қосымша			

Ескерту: 2 Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 19 қарашадағы N 02-2-4/167

б ұ й р ы ғ ы м е н

Ескерту: 2 Қосымша өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығымен.

А-1, А-2, А-3, А-4, А-5 санаттарына бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу программасы

Осы программа тесттің екі түрінен құрылады: Қазақстан Республикасы заңдарын білуге және логикалық тестіден тұрады.

1) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық заңын , Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын , 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін білуге арналған 130 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша үміткер 20 сұраққа және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелері бойынша 10 сұраққа жауап беруі қажет.

2) Логикалық тест адамның күрделі жұмыстарды орындаудағы ептілігін және оның интеллектуалдық мүмкіндігін сипаттайтын логикалық ойлау оперативтілік қабілеттілігін айқындайды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі
N 02-2-4/67 бұйрығына
3 Қосымша

Ескерту: 3 Қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 19 қарашадағы N 02-2-4/167 бұйрығымен .

Ескерту: 3 Қосымша өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығымен.

БАҒДАРЛАМА

А-6, А-7, В-6, С-4, С-5 (Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратының кеңесшісі, орталық органның бас маманы), С-6 (Қазақстан Республикасының консулы, Сыртқы істер министрлігінің бірінші хатшысы, Орталық сайлау комиссиясының референті), С-7, С-8 (орталық органның жетекші маманы, Сыртқы істер министрлігінің үшінші хатшысы), С-9 (Сыртқы істер министрлігінің атташесі), С-10 (Сыртқы істер министрлігінің референті, орталық органның маманы) санаттарындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеу программасы

Осы программа тестінің екі түрінен құрылады: Қазақстан Республикасы заңдарын білуге және логикалық тестісінен тұрады.

1) Қазақстан Республикасы заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын, 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін білуге

7 0 с ұ р а қ е н г і з і л г е н .

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тесттеуді өткізуді пайдалану кезінде жоғарыда аталған нормативті құқықтық актілердің әрбірі бойынша үміткер сұрақтар тізбесінен іріктелген 20 сұраққа және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелері бойынша

1 0 с ұ р а қ қ а ж а у а п б е р у і қ а ж е т .

2) Логикалық тест адамның күрделі жұмыстарды орындаудағы ептілігін анықтайтын және интеллектуалдық мүмкіндігін сипаттайтын логикалық ойлау оперативтілік қабілеттілігін анықтайды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі
N 02-2-4/67 бұйрығына
4 Қосымша

Ескерту: 4 Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 19 қарашадағы N 02-2-4/167 б ұ й р ы ғ ы м е н .

Ескерту: 4 Қосымша өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығымен.

D-1, D-2, E-1, E-2 санаттарына бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу программасы

Осы программа Қазақстан Республикасы заңдарын білуге арналған тестіден т ұ р а д ы .

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын , 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін білуге арналған 110 с ұ р а қ е н г і з і л г е н .

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша үміткер 20 сұраққа және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелері бойынша 10 сұраққа жауап беруі қажет.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі
N 02-2-4/67 б ұ й р ы ғ ы н а
5 Қосымша

Ескерту: 5 Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығымен

С-5 (облыстық аумақтық органның бөлім бастығы, аудандық аумақтық органның жетекшісі), С-6 (аудандық аумақтық орган жетекшісінің орынбасары), С-8 (облыстық аумақтық органның аға приставы, облыстық аумақтық органның аға сот орындаушысы), С-9 (облыстық аумақтық

органның бас маманы), С-10 (облыстық аумақтық органның жетекші маманы, облыстық аумақтық органның приставы, облыстық аумақтық органның сот орындаушысы, аудандық аумақтық органның құрылымдық бөлімше жетекшісі), С-11 (аудандық аумақтық органның бас маманы), С-12 (облыстық аумақтық органның маманы, аудандық аумақтық органның жетекші маманы), С-13 (аудандық аумақтық органның маманы), D-3 (облыстық аппараттың құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі; көмекші, кеңесші, облыс әкімінің бас инспекторы; аудандық аппаратының жетекшісі), D-4 (поселке, ауыл (село) әкімінің орынбасары; облыстық аппаратының бас маманы;

аудандық аппаратының бөлім бастығы; аудан әкімінің көмекшісі, кеңесшісі); D-5 (облыстық аппаратының жетекші маманы, аудандық аппаратының бас маманы), D-6 (облыстық аппаратының маманы; аудандық аппаратының жетекші маманы; поселкелік,

ауылдық (селолық) аппаратының бас маманы; облыстық аппараты сот мәжілісінің хатшысы), D-7 (аудандық аппаратының маманы, аудандық аппараты сот мәжілісінің хатшысы), D-8 (поселкелік, ауылдық (селолық) аппаратының маманы), E-3 (облыстық

органның бөлім бастығы, аудандық органның жетекшісі), E-4 (аудандық орган жетекшісінің орынбасары), E-5 (облыстық органның бас маманы), E-6 (облыстық органның жетекші маманы, аудандық органның құрылымдық бөлімшесінің жетекшісі),

E-7 (аудандық органның бас маманы), E-8 (облыстық органның маманы, аудандық органның жетекші маманы), E-9 (аудандық органның маманы) санаттарындағы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеу программасы

санаттарына бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу программасы

Осы программа Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған
т е с т і л е р д і қ а м т и д ы .

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін білуге арналған 70 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша үміткер 20 сұраққа және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерінен 10 сұраққа жауап беруі қажет.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі
N 02-2-4/67 бұйрығына
6 Қосымша

Ескерту: 6 қосымша алынып тасталынды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығымен

ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі
N 02-2-4/67 бұйрығына
7 Қосымша

Ескерту: 7 Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 19 қарашадағы N 02-2-4/167 бұйрығымен .

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу нәтижелерінің шекаралық мәні

1. А-1, А-2, А-3, А-4, А-5, В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, С-1, С-2, С-3, D-1, D-2, E-1, E-2 санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тесті бойынша шекаралық мәні әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 70%, басқа санаттар үшін әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 50% дұрыс жауаптардан құрылады.

2. Логикалық тест бойынша шекаралық мән белгіленбейді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі
N 02-2-4/67 бұйрығына
8 Қосымша

Ескерту: 8 Қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 19 қарашадағы N 02-2-4/167 бұйрығымен .

Ескерту: 8 Қосымша өзгертілді, толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығымен.

**В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, С-1, С-2, С-3 санаттарына
бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға
үміткерлерді тестілеу программасы**

Осы программа тесттің екі түрінен құрылады: Қазақстан Республикасы заңдарын білуге және логикалық тестіден тұрады.

1) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын, 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелерін білуге арналған 130 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде үміткер Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша 40 сұраққа, қалған сұрақтар тізбесінен іріктелген нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша үміткер 20 сұраққа және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы Ережелері бойынша 10 сұраққа жауап беруі қажет.

2) Логикалық тест адамның күрделі жұмыстарды орындаудағы ептілігін және оның интеллектуалдық мүмкіндігін сипаттайтын логикалық ойлау оперативтілік қабілеттілігін айқындайды.